

Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY

Aqtoğai aýdandyq qoғamdyq-saiasi basylım

№ 1-2 (7944)

Жұма
12 қаңтар
2024 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан
shyğady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбаты

Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақытыңыз-дың тығыздығына қарамастан «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат беруге келіс-кеніңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің қоғамды толғандыратын мәселелер туралы пікіріңіз қазақ баспасөзі үшін өте маңызды. Сондықтан түрлі тақырыпта өзіңізбен ашық әңгіме өрбіткіміз келеді. Өткен жыл несімен есіңізде қалды?

– Осы мүмкіндікті пайдаланып, барша отандасымды тағы да Жаңа жыл мейрамымен құттықтаймын!

2023 жыл еліміз үшін маңызды оқиғаларға толы жыл болды. Біз негізгі саяси реформаларды аяқтап қалдық. Конституциялық Сот жұмысын бастады. Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары жаңа ереже бойынша сайланды. Алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайладық. Ауыл және аудандық маңызы бар қала әкімдерін сайлау жалғасты. Былтыр 700-ге жуық ауыл әкімі сайланды.

Біз әділ және бәсекелі экономика жүйесін құруға кірістік. Экономиканы өртіраптаңдыру және монополиядан арылту, инфрақұрылымды жаңғырту, бизнесті қолдау, инвестиция тарту жұмыстарымен мықтап айналыстық. Әлеуметтік салада қордаланып қалған мәселелер біртіндеп

шешіле бастады. Еліміздің түкпір-түкпірінде білім ошақтары, оның ішінде, «жайлы мектептер» бой көтеруде. Ауылдарда денсаулық сақтау нысандары салынып жатыр. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға кешенді түрде қолдау көрсету үшін Әлеуметтік кодекс қабылданды. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтар үшін арнайы

мектепте, колледжде және балабақшада жұмыс істейтін педагогтердің жалақысы өсті. Ұлттық қордан балаларға қаржы беру мәселесін реттейтін заң күшіне енді. Негізгі экономикалық көрсеткіштерді, оның ішінде инфляция деңгейін ескере отырып ең төменгі жалақыны анықтайтын әдістеме қабылданды.

Осы жұмыстың бәрі 2024 жылы да жал-

– Ал жаңа жылдан не күтесіз?

Еліміздің алдында қандай міндеттер тұр?

– Мен өткен қыркүйектегі Жолдауымда жаңа экономикалық үлгіге көшетімізді айттым, 2029 жылға қарай жалпы ішкі өнімді қазіргіден екі есеге арттыру мәселесін басты стратегиялық мақсат ретінде белгіледім. Көп ұзамай Үкіметтің

кенейтілген отырысы өтеді. Онда еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы шығарылып, алдағы жұмыстың амал-тәсілдері айқындалады.

Ұлттық құрылтайдың отырыстары идеология саласындағы мәселелерді, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру ісін, қоғамның құндылықтар жүйесін жаңғырту жайын талқылайтын тиімді пікірталас орнына айналды. Бұған дейін жаздығүні шақырылып келе жатқан Құрылтайдың отырысын биыл сәл ертерек, көктемде өткізетін шығармыз.

Осылайша, биыл экономикалық, қоғам-

(Жалғасы 3-бетте).



төлемақы енгізілді. Табиғатты қорғауға жауапты мекемелердің қызметкерлеріне олардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп-қатерге қатысты үстемеақы төлетін болды. Медицина қызметкерлерінің,

ғасады. Біз тиянақты және жоспарлы әрекет жасаймыз, мақсатқа жету үшін үздіксіз алға ұмтыламыз. Бұл – айрықша маңызды жыл болмақ. Өйткені осы кезең еліміздің алдағы бес жылдағы дамуына негіз болады.

* Редактор бағаны

Ұлу – Ұлы биіктерді бағындыратын жыл болсын



Мінекей, жүйрік уақыт жүйіткіп өтіп, газетіміздің тағы бір жаңа саны қолыңызға тиді. «Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп». Өткен жылы аудандық газеттің жарық көргеніне 85 жыл толып, «Қарағанды

журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін» облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының бас жүлдесін иеленуімізбен ерекшеленді. Мақсат ақынның «Алтын домбырасын» қосып айтсақ, Ақтоғай жұрты үшін аспаннан «алтын жауған жыл» болып тарихқа алтын әріппен жазылды.

Газет тарихы гасырға жуықтап қалды. Бұл аз уақыт емес. Осы аралықта «AQTOGAI AJARY-ның» беделі артып, оқырмандардың сүйіспеншілігіне ие болды. Мұның арғы жағында білікті мамандардың зор еңбегі жатыр. Аудандық газетте қызмет жасаған журналистика саласының майталмандары ұзақ жылдар бойы газеттің өзіндік стилін қалыптастыру үшін аянбай еңбек етті. Біз басылымның іргетасын қалаған азаматтарды мақтан

тұтамыз, олардың есімдері газет беттерінде ғана емес, жалпы аудан тарихынан ойып тұрып орын алды.

Біздің алдымызда аға буынның бізге қалдырған мұрасын арттырып, аудандық басылымның дамуына үлес қосу міндеті тұр. Газетті әр отбасы асыға күтеді, сіздердің бізге сенім білдіргендеріңіз біз үшін мақтаным, сонымен бірге үлкен жауапкершілік. Бүгін «AQTOGAI AJARY» қызметкерлерінің алдына қойылған міндеттің жүгі ауыр, себебі олар кезекті шығарылымға ғана емес, бүкіл ауданның ақпараттық кеңестігіне жауапты.

Ұсынылған мақалалардың сапасымен қатар, біз тақырыптың өзекті болуына тырысамыз. Басылым тілшілері газетке тың жаңалықтарды әзірлеуге қатысады. Сондай-ақ, интернет-кеңестігінен

орын алу үшін де ауқымды жұмыс атқарылады. Редакцияның әр қызметкері уақытпен санаспай күні-түні жұмыс жасайды. Шұғыл шығарылым, оқиға орнынан дайындалған репортаж, мәтінді шұғыл әлеуметтік желіге орналастыру, оған түзету енгізу сынды жұмыс ұжымымызды шыңдап, бірлігіміздің артуына, ақпараттың сапалы болуына септігін тигізіп келеді. Дегенмен журналистер диттеген ісін қашан да соңына жеткізеді.

Құрметті оқырман, біздің сіздермен бірге алатын асуымыз, жететін белесіміз әлі де алда. Біздің әрбір жетістігіміз – оқырманның қолдауының нәтижесі. Биыл да сіздердің қолдауларыңыздың арқасында қара орман оқырманымызбен қайта қауышудамыз. Біз сіздердей рухани қолдаушыларымыздың барын

мақтан тұтамыз.

«...Әуелі газета халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газета сондай керек...» деген Алаш ардақтылары. Олай болса жергілікті газеттің туын көтеру – сізден, мәселені шешу – бізден. Келген Ұлу жылымыз ұлы істерді ұлылыққа бастайтын сәтті жыл болсын. Газетіміздің әрбір саны босағансызға сүйінішті хабар, жағымды жаңалық жеткізсін. Отанымыз тыныш, еліміз аман, берекелі бірлігіміз артар жыл болсын. Отбасыларыңыз аман болып, жақсылықта жолығайық, ағайын.

Гулнар Елүсізова,
«AQTOGAI AJARY»
газетінің құрылтайшысы,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі,
«ҚР Ақпарат саласының үздігі».

* Пікір

Халықты толғандырған мәселелер жан-жақты қамтылған

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің бас басылымы «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатын ықыласпен оқып шықтым. Биыл ел өмірінде үлкен өзгерістер орын алып, экономикалық, қоғамдық-саяси және гуманитарлық салаларда атқарылатын жұмыстың негізгі бағыт-бағдары бірінші тоқсанда-ақ айқындалатынын Президент тілге тиек етіпті. Өткен жылда орын алған маңызды оқиғаларға тоқталған Мемлекет басшысы алдағы міндеттерді де саралап берді.

2024 жылы елімізде бірқатар ауқымды іс-шаралар өтетініне тоқталды. Қазақстан бірнеше беделді халықаралық ұйымға, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымына төрағалық етпекші. Бұл біз үшін абыройлы әрі жауапты іс болмақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл басында «Egemen Qazaqstan» газетіне, академик Дихан Қамзабекұлына берген көлемді сұхбатын зер сала оқып шықтым. Бұл сұхбаттың еліміз, халқымыз үшін маңызы өте зор. Мазмұнды да мағыналы сұхбатта айтылған мәселелердің бәрі ұлттымыздың болашақта негізге алатын жол көрсетер бағыт-бағдары, айнымас алтын қазығы деп бағалауға болады.

Алдағы міндеттерді айқындалды

Сұхбатта Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев өткен жылдағы жетістіктерді қорытындылай келе, «Мен өткен қыркүйектегі Жолдауымда жаңа экономикалық үлгіге көшетімізді айттым, 2029 жылға қарай жалпы ішкі өнімді қазіргіден екі есе арттыру мәселесін басты стратегиялық мақсат ретінде белгіледім» деп, сөзін бастап, алдағы міндеттерді айқындап берді.

Сұхбат маңызды мәселелерді назардан тыс қалдырмай, қоғам өмірінің барлық саласын қамтып, барынша жатық, түсінікті тілмен толыққанды берілген.

Сұхбат барысында еліміздегі саяси реформалардың 2019 жылы басталғаны, саяси жаңғыру үдерісі 2022 жылы тың қарқынмен жалғасқаны айтылды. Ата заңның үстемдігін қамтамасыз ететін, конституциялық бақылауды жүзеге асыратын жоғары орган – Конституциялық Сот қайта қалпына келтірілгені сөз болды.

Экономика тақырыбына да сұхбатта келелі ой айтылды. Әділетті Қазақстанның жаңа экономикалық

Сұхбатта халықты толғандырған мәселелер жан-жақты қамтылып, оған Мемлекет басшысының толыққанды жауап бергенін байқаймыз. Көптің көкейінде жүрген Қаңтар оқиғасының шығу себебіне терең үніліп, оған талдау жасайды. Осы кезге дейін айтылып келген алып-қашпа әңгіменің нүктесін қойды деп ойлаймын. Саяси реформалар жасауға бетбұрған Қазақстанның алдында үлкен міндет-мақсат тұрғанын және оған әрбір азаматтың барынша адал еңбек етіп, үлес қосуын үндейді. Болмашы нәрселерге назар аударып, ұсақ-түйекті талқылауға күш-қуатымызды сарп ететініміз, әлдекімдердің жалған сөзіне еріп, арамгер болатынымыз Президентті де алаңдататыны көрініп тұр. Бір сөзбен айтқанда, сан ғасырлық тарихымызды зерттеу, тарихи әділдікті қалпына келтіру біздің негізгі міндетіміздің бірі болып қала беретінін Мемлекет басшысы баса айтты.

Қ.Қынаят, Сәуле ауылының тұрғыны.

бағдары жарияланғаны, маңызды міндет – инвестиция тарту, қомақты инвестиция болса, экономика қарқыны үдейе түсіп, жаңа мүмкіндіктер пайда болатыны сөз болды. Соған орай, Инвестиция штабын құру туралы Жарлыққа қол қойылғанын жеткізді. Президенттің тапсырмасымен Үкімет мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын қайта қарауға мүмкіндік беретін жаңа Салық кодексін әзірлеп жатқаны айтылды. Қ.К.Тоқаев Салық

жүйесін жетілдіру, Жаңа Бюджет кодексі тұрғысында өз ойын жеткізді. «Әлемдегі экономикалық ахуал біздің елге де салқынын тигізетіні сөзсіз. ...Үкіметтің жан-жақты ойластырған жоспары болуға тиіс. Кәсіпкерлік пен бәсекені дамыту, жекеменшікті қорғау, әділ сот төрелігі болуы өте маңызды. Сонда ғана көздеген мақсаттарымыздың бәріне қол жеткізіп, белгіленген мерзімде ұлттық экономика көлемін екі есе ұлғайта аламыз». Бұл – Президенттің сұхбатында айтылған маңызды ойлар. Елімізде АЭС салу-салмау мәселесі де сөз болды. «Мұны жалпыхалықтық референдум арқылы халық шешеді» деген нық жауап берілді.

«Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қаруымыз керек!» тақырыбын арқау еткен сұхбат ел өміріндегі көптеген түйткілді мәселелерді қамти отырып жүргізілгенін анық байқаймыз.

М.Байыз, Ақтоғай агро-техникалық колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

*Денсаулық стандарты

Қызылша ауруы және оның алдын алу

Қызылша – бұл ауа тамшылары арқылы таралатын өте жұқпалы ауру. Көбінесе балаларда кездеседі. Оның белгілері дене қызуының көтерілуі мұрынның, көздің және тамақтың шырышты қабығы қабынып, теріде бөртпелер пайда болады. Бұл 100% жұқпалы ауру, яғни бұрын қызылшамен ауырмаған немесе егілмеген адам қызылшамен ауырған адаммен байланысқа түссе жұқтыру қаупі өте жоғары. Міне, сондықтан инфекция ошағында вакцина және эпидемияға қарсы шараларды жасауды қатаң сақтау өте маңызды.

Ауру себептері – инфекция ауа жолы арқылы беріледі. Вирус сыртқы ортаға сөйлеген кезде түкірікпен, жөтелген, түшкірген кезде бөлінеді. Инфекция көзі – ол айналадағыларға 2 күн инкубациялық кезеңнен 4-ші күнгі бөртпелер шығып ауырған адам. Бұл аурудың ауырып жазылған адам өмір бойы иммунитетін сақтайды.

Қызылшаның белгілері – есте сақтайтын ең маңызды жайт ауру бөртпе шығудан басталмайды, ол суық тию белгілерімен басталады. Дене қызуының 38-40 градусқа көтерілуі, әлсіздік, төбеттің болмауы, құрғақ жөтел, мұрынның бітуі сияқты белгілер болады. Кейініректе конъюнктивтің (көздің шырышты қабығының қабынуы) пайда болуы байқалады. Аурудың 3-5 күні

ашық түсті бір-біріне өзара ұқсап кететін дақтар пайда болады. Осы кезде дене қызуы қатты көтеріледі, тұмау белгілері күшейеді. Ең алдымен олар құлақтың артында және мандайда, содан кейін тез арада бет, мойын, дене және аяқ-қолға таралады. Ұсақ жызғылт дақтар тез арада үлкейіп, формасын өзгертіп, бір-біріне қосылып кетеді. Бөртпелердің қалың шыққан кезеңнен 2-3 күн өткеннен кейін дене қызуы 40.5° қайта көтерілуі мүмкін. Бөртпелер 4-7 күн сақталады. Қызылшаның инкубациялық кезеңі – бұл аурудың бірінші белгілері пайда болғанға дейін, яғни 7 күннен 14 күнге дейін созылады.

Қызылшаның алдын алу – қызылшаның алдын алудың ең тиімді және сенімді әдісі вакцинация болып табылады. Қазақстан Республикасында алдын-ала егу балаға екі рет 12 айда және 6 жасында жоспарлы түрде тегін жүргізіледі, екі рет алдын-ала егілгендердің иммунитеті 95% құрайды, сондықтан алдын-ала егу жұмыстарына немқұрайлы қарамай балаларыңызды уақтылы алдын-ала екпе ектіріңіздер. Шұғыл вакцинациялау науқаспен соңғы байланыста болған сәттен бастап 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірілмей жүргізіледі.

ҚО ДСБ ШЖК «Ақтоғай ауданының аудандық ауруханасы» КМК.

Хабарландыру

«Ақтоғай ауданының құрылыс бөлімі» ММ «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылының кәріз желілерін салу» ықтимал әсерлері туралы есептің жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Түзету».

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 15 ақпанда сағат 15:00-де өтеді. Мекенжайы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай а.о., Ақтоғай а., әкімшілік.

Карантиндік шаралар жағдайда, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшуді сұраймыз: <https://us05web.zoom.us/j/88903501263?pwd=xlxbla6uNe0J6XhLYLZLg8jKAbF2q5.1>

Конференция идентификаторы: 889 0350 1263

Пароль: 5555

Бастамашы: «Ақтоғай ауданының құрылыс бөлімі» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Бөкейханова А, 4, БСН 130840014507.

ҚОӘБ жобасын әзірлеуші: «КазЭко-Проект» фирмасы Борщенко С.В. ЖК. ЖСН: 850922450567, ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау к., Ашимова к., 140, Байланыс телефондары: 8 702 589 72 19

Қоғамдық тыңдау материалдарымен esportal.kz сайтта танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты kazecoproect2012@mail.ru, 87025897219 телефон арқылы сұратуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: expertiza.upr_krg@mail.ru Қарағанды к., Лобода к-сі, 20.

Объявление

ГУ «Отдел строительства Ақтоғайского района» объявляет о проведении общественных слушаний по Проекту отчета о возможных воздействия «Строительство канализационных сетей села Ақтоғай Ақтоғайского района Карагандинской области. Корректировка».

Общественные слушания состоятся 15 февраля 2024 года в 15:00 ч. По адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Ақтоғайский с.о., с.Ақтоғай, акимат.

В случае карантинных мер, общественные слушания будут проведены в режиме онлайн на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/88903501263?pwd=xlxbla6uNe0J6XhLYLZLg8jKAbF2q5.1>

Идентификатор конференции: 889 0350 1263

Пароль: 5555

Заказчик: ГУ «Отдел строительства Ақто-гайского района», Карагандинская область, Ақтоғайский район, с.Ақтоғай, Бокейханова А, 4, БИН 130840014507.

Разработчик проекта ОВОС: Фирма «КазЭкоПроект» ИП Борщенко С.В. ИИН: 850922450567, Республика Казахстан, Ақмолинская область, г.Кокшетау, ул.Ашимова, 140, конт., тел: 8 702 589 72 19

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте esportal.kz.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел. 87025897219, kazecoproect2012@mail.ru

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr_krg@mail.ru и г.Караганда, ул.Лободы, 20.

Күлімден кел, жсырым боп кел, Жаңа жыл!

Ұлулар туралы қызықты деректер

Ұлу – Жер бетіндегі ең ежелгі жаратылыстардың бірі. Олар 500 миллион жыл бұрын пайда болған деседі. Бұл жануарларға көп тамақ қажет емес және олар кез келген ортаға бейімделе алады. Ең баяу тіршілік иелерінің қатарына жатқызылады. Бір минуттың ішінде 7 сантиметр қашықтықты жүріп өтеді. Ұлулар соқыр және саңырау. Олар тек жарық пен қараңғылықты ғана ажыратады. Ал бір-бірімен жанау арқылы байланысады. Ұлулар орташа есеппен 15 жыл өмір сүреді. Қолайсыз жағдай кезінде 6 айлық ұйқыға кете алады екен. Ұрпақ қалдыру үшін серіктес қажет емес. Олар жұмыртқалау арқылы көбейеді. 3-4 аптаның ішінде бір ұлу 85 ұрпақ әкелуі мүмкін. Туған кезде ұлудың қабығының түсі мөлдір болады. Қабықтың мықтылығы, аздадағы кальцийдің мөлшеріне байланысты. Өз салмағынан 10 есе ауыр затты тасымалдай алатын да қауқары бар. Ұлудың етіндегі ақуыз мөлшері тауықтың жұмыртқасынан да көп көрінеді. Африка және Еуропа елдерінде оны пайдалы азық ретінде қорейді. Тістерінің саны кез келген акуланыкінен көп болады. Ең үлкен түрі – австралиялық ұлу, салмағы – 40 кг, ал ұзындығы 30 см-ге дейін жетеді. Эволюция теориясының негізін қалаушы Чарльз Дарвин ұлулар кез келген жағдайға бейімделе алатын тіршілік иесі екендігін мәлімдеген. Олар құрт-құмырсқалармен қоректенеді. Тұз бен қант бұл жануарлар үшін улы саналады. Қауіп төнген жағдайда ұлу өз қабығына толығымен тығыла алады.

Ұлу жылғылар

Ұлу жылы туғандар өзгелерден өмірлік күш-қуатымен, денсаулығының мықтылығымен ерекшеленеді екен. Бірақ бірбеткей, кез келген нәрсені бірден көңіліне алып қалады, қызба мінезді. Қоғамдағы ықпалы күшті болғандықтан да оны көбі сыйлайды. Әдетте Ұлу жылғылар карьералық табалдырықтың биігіне ұмтылғыш және көздегеніне жетпей қоймайды. Екіжүзділік оларға тән емес. Бетің бар, жүзің бар демей, ойындағыны айта салатын көрінеді. Ұлу жылы туылғандар еңбеккер, қиыншылыққа төзімді келеді, істеген ісінің көзін таба біліп, диттеген мұратына жетеді. Ұлу жылы өмірге келген ұл балалар өршіл, алға ұмтылғыш, әрі талантты болса, қыз балалар сүйкімді, алғыр ойлы болады деп жорамал жасаған.

Үлгілі жыл

Ұлу суда жүретін болғандықтан, бұл жылы құрғақшылық болмайды. Жыл тыныштықпен, береке-молшылықпен өткен. Түркі жұрты, оның ішінде қазағымыз да ұлу жылы астық, шөп мол болады деп жорамалдаған. Соған қарағанда бұл халық үшін жайлы, жұмсақ жылдар қатарынан орын алса керек. Кей жылдары ұлу да жайсыз келіп отырған. Мәселен, 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс, Қазақстандағы байлардың мүлкін тәркілеп, өздерін Сібірге жер аударған 1928 жылғы голощекиндік кәмпеске де Ұлу жылында болған. Дегенмен, ұлу жылы өте жайлы, жұмсақ жыл болып есептеледі. Стихиялық белгісі – ағаш. Бейбіт өмірді сүйетін, жайлы, тыныштықты жаны қалайтын, ақылды да зерек адамдар осы жылы туады деседі. Тек олар тез ренжігіш, қырсықтау

келетін көрінеді. Кемеңгер дана да дара халқымыз әрбір жылға тек жақсылық пен құт-береке әкеледі деп сеніммен қарап, үкілі үмітпен болжам жасап отырғаны белгілі. Мысалы, Тышқан жылы – тыныштық, Сиыр жылы – сыйлық, Барыс жылы – байлық (бірлік), Қоян жылы – қамбалы (құт-береке), Жылан жылы – жайлы, Жылқы жылы – жұтсыз, Қой жылы – құтты, Мешін жылы – мерейлі, Тауық жылы – татулық (табысты), Ит жылы – игілік, Доңыз жылы – дүниелі, деп әр жылға жақсы ниетпен сипаттама беруінің өзінде үлкен әрі ғылыми тәрбиелік дүниетанымдық ұғым жатқандығын бірден-ақ аңғаруға болады. Осы орайда, қазақ халқы Ұлу жылын ежелден-ақ «Ұлы жыл» немесе «Үлгілі жыл» деп ерекше қастерлеп, құтты жылдың бірі деп санаған.

Неліктен ұлу жылы атанды?

Ғұлама шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы он бесінші ғасырда жазған «Шипагерлік баян» кітабында жыл атауларына өз сипаттамасын берген екен. «Сумақы – тышқан. Маңғаз – сиыр. Айбар – барыс. Секем – қоян. Сумаң – жылан. Тұлпар – жылқы. Иіртеқ – ұлу. Шопан – қой. Мешін – мешін. Айтақ – ит. Шақырауық – тауық. Қо-рысқы – доңыз» деп жазыпты. Зерттеушілердің айтуынша, ежелгі көшпенділер хайуандық күнтізбені қытайлардан қабылдап алған көрінеді. Алайда бұл күнтізбе толығымен көшірілмеген, оның өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, Қытайда Маймыл жылы, көшпенділерде Мешін жылы деп аталады. Ал Айдаһар жылының Ұлуға айналуы туралы екі болжам бар екен. Қай уақытта да ауа райына тәуелді көшпенділер көбіне жазы қуаңшылықпен, қысы жұтпен есте қалған Қоян жылынан кейінгі жылға жауын-шашын мол болсын деген ырыммен сулы жерде өмір сүретін ұлудың атын берсе керек. Екінші болжам бойынша айдаһар қытай тілінде «лүн» деп аталады екен. Ұлу сөзі осы «лүн» сөзінен шығуы ықтимал.


Ұлу жылының ерекшеліктері

Күнтізбеде – 2024 жыл Қазақтың жыл санауы бойынша Ұлу жылы кірді. Ежелден бабаларымыз әр жылдың өзіне ғана тән мінезі мен ерекшелігі барын біледі. Ұлу жылынан ұлтымыз әрдайым жақсылықты күткен. Қоян жылы көбінде қуаңшылық орын алғанын аңғарған халқымыз кезінде құрлық жануарынан кейін сулы мекенде өмір сүретін ұлуға келесі кезекті берген делінген кейбір аңыздарда. Сондықтан, Ұлу жылынан үміт көп. Ендеше, ұлудың ерекшеліктерін тізбелеп көрсек.

Түйін: Ұлудың денесі жұмсақ болғандықтан бұл жыл жерге де, елге де құт-берекені, ырыс-несібені мол әкеледі деп есептеген халқымыз. Ұлу жылын ұлы немесе үлгілі деп айдарлауының өзінде де көп мағына жатқаны сөзсіз. Сондықтан, биылғы Ұлу жылы ұлтымызға жайлы, молшылық жылы болсын деп тілейік.



(Материалдар галамтордан алынды).



Кібісе жылымен сәйкес келеді

Биыл ақпан айы 29-ымен аяқталады. Яғни, кібісе жылы. Бір қызығы, ұлу жылы ылғи дәл осы кібісе жылымен жиі сәйкес келетін көрінеді. Кібісе жылы төрт жыл сайын бір айналып келеді. Басқа жылдарда 365 күн болса, кібісе жылында 366 күн бар. Осылайша, артық бір күн қыс пен көктемнің түйіскен тұсында қосылады. Бірқатар деректерге сүйенсек, кібісе жылы ежелгі Мысырда пайда болған деседі. Мысырдың есепші-ғалымдары (жұлдызшылары) әр жылдарды зерттей отырып, әр жылдың 365 күннен тұратынын санаған екен. Қазіргі қолданыстағы күнтізбе де – сондай санақтың нәтижесі. Сол санақ бойынша ғалымдар күн мен түннің теңелу уақытының арасын жыл деп атаған. Жылды

төрт мезгілге жіктеп, әр үш жылдың 365 күнге аяқталатынын, осы үш жылдан соң бір күннің артық шығатынын есептеп, төртінші жылды 366 күнге толлатынын шығарған. «Кібісе жыл» (високос) осыдан шығып отыр. Ежелгі жұлдызшылардың бұндай есептеулері ғылыми тұжырымдармен де сәйкескен, яғни төрт жылда бір рет тәулік санының артық болатынын ғалымдар да мойындаған. Халық арасында кібісе жылына қатысты алуан пікір, түрлі наным-сенім мен ырымдар бар. Тіпті кейбіреулер осы жылдың қиын-қыстауға толы болатынын сәуегейлейді. Алайда өткен кезеңдер кібісе жылының Қазақ еліне жайсыз емес екенін, керісінше ерекше орын алып жататынын байқауға болады.

Тарих. Тұлға. Уақыт.

Жүсіпбек

Аймауытұлының туғанына - 135 жыл

Жүсіпбек Аймауытов қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Туып өскен жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту», қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы. Ол жастайынан арабша хат тану, оқу үйренген. Ол Семейде Абай журналын шығаруға қатысты. Кеңестік кезінде ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген күтікпен атылған.

Сәкен Сейфуллиннің туғанына - 130 жыл

Қазақтың атақты ақыны, жазушы, драматург, Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Сәкен Сейфуллин Қарағанды облысында дүниеге келген. 1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» деп аталған тұңғыш өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» қауымы басшыларының бірі болған. 1917 жылы Бұғылыда мектеп ашып, орыс тілінен сабақ берген. Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болып сайланған. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөз ісіне басшылық жасаған.

Ілияс Жансүгіровтың туғанына - 130 жыл

Ілияс Жансүгіров ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 1894 жылы Алматы облысының Ақсу ауданында дүниеге келген. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсты бітіріп, өз ауылында мұғалім болған. Одан кейін аз уақыт «Тіліш» газетінде істеп, Верныйдағы Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалды. Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтын бітірген, соң «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет атқарды. 1932-1934 жылдары - Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комиссиясының төрағасы. 1933-1936 жылдары Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің мүшесі болды. 1938 жылы саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

2024 жылы ел тарихында аттары алтын әріппен жазылар тұлғалар дүниеге келген даталар мен айтулы оқиғалар орын алған күндер көп. Сонымен ұлу жылындағы айтулы даталар мен атаулы күндерге шолу жасап көрейік.

Тұңғыш академик Қаныш Сәтпаевтың туғанына - 125 жыл

Қаныш Сәтпаев - геолог ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, қазақтан шыққан тұңғыш академик. Қаныш Имантайұлы 1899 жылы 12 сәуірде Семей губерниясының Павлодар уезінде Ақкелін болысының №4 ауылында туған. Мектеп бітірген соң тау-кен факультетінің геологиялық-барлау бөлімшесіне студент болып қабылданған. Оқу орнында инженерлік-ғылыми көзқарасы қалыптасып, 1926 жылы Сәтпаев диплом жұмысын үздік қорғап шыққан. Осылайша ол республикадағы бірінші инженер-геолог атағына ие болды. Ол 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеуде қайтыс болды. Алматы қаласында жерленді.

Қазақ археологі Әлкей Марғұланның туғанына - 120 жыл

Қазақстан археология мектебінің негізін салушы, ғылымның көптеген салалары: этнография, тарих, шығыстану, әдебиеттану, өнертану бойынша көрнекті қайраткер. Филология ғылымдарының докторы (1945), Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі, Қазақ ССР ҒА академигі (1958), профессор (1960), Қазақ ССР ғылымының еңбек сіңірген қызметкері (1961). 1904 ж. 11 мамырда Ақпегі болысында (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы) дүниеге келген. Әкесі Хақан – атақты Олжабай батырдың тікелей ұрпағы. Әлкейдің әкесі Хақан мен шешесі Нұрила көптеген халық ертегілері мен аңыздарын білген, үйде халық әндері мен Абай әуендері жиі шырқалатын. Әлкей бес жасында оқып, жаза білуді үйренді, бала кезінде «Қобыланды», «Алпамыс», «Көрұғлы», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» дастандарын жатқа білген. Хақанның шаңырағында белгілі ақын, ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Жаяу Мұса, Имантай Сәтпаев және қазақ даласына белгілі басқа да адамдар жиі бас қосқан.

Суретші Әбілхан Қастеевтің туғанына - 120 жыл

Әбілхан Қастеев – кескіндемеші, график, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Ол Алматы облысына қарасты Жаркент қаласының жанындағы Шежін ауылында туған. Николай Хлудовтың көркемсурет студиясында оқып, білімін Мәскеу қаласында Крупская атындағы көркемсурет студиясында жалғастырған. 1942 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, 1944 жылы Қазақстанның халық суретшісі болды.

Режиссер Шәкен Аймановтың туғанына - 110 жыл

Шәкен Айманов 1914 жылы 15 ақпанда Павлодар облысы Баянауыл ауданы Айманбұлақ ауылында туған. Алғаш театрда істеген алғашқы жылдары шағын эпизодтық рөлдерде ойнады. Шәкен Айманов ғұмырында 14 фильм түсіріп, 20-дан астам кейіпкердің рөлін сомдаған. Өзі соңғы рет түсірген «Атаманның ақыры» атты фильм көрермен қауымның жылы лебізіне ие болды. 1953-1970 жылдары аралығында Шәкен Айманов ұлттық киностудияның тұрақты жетекшісі және өзі ашқан Қазақстан кинематографистер одағының басшысы болды. Шәкен Айманов 1970 жылы 23 желтоқсанда Мәскеу қаласында 56 жасында көлік қағып қайтыс болды.

Қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованың туғанына - 100 жыл

Әлия Молдағұлова 1925 жылдың 15 маусымында Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылында дүниеге келген. Ол өз өтініші бойынша 17 жасында 1943 жылдың тамыз айында майданға аттанған. Ол екінші Балтық жағалауы флотының 22 әскери тобы 54 атқыштар тобының бригадасы құрамында отан алдындағы борышын өтейді. Әлия Молдағұлова 1944 жылдың 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники ауданы Казалиха деревнясы үшін болған соғыста қаза тапты.

Батыр Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына - 100 жыл

Рахымжан Қошқарбаев – Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ азаматы, Халық қаһарманы. 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысы Ақмола ауданы Тайтөбе ақылына жақын орналасқан Қырыққұдық қыстағында дүниеге келген. 1-лейтенант Қошқарбаев Берлин операциясы кезінде аскан ерлік көрсетті. 30-сәуірде ол жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті. Соғыстан кейінгі жылдары Эльба бойындағы кеңестік оккупациялық әскер бөлімінде қызмет атқарды. 1988 жылы 10 тамызда Алматы қаласында қайтыс болды.

«Еңбекші қазақ» газетінің алғашқы шығарылымының шыққанына - 105 жыл толды

Қазіргі Егемен Қазақстан газетінің ғасырлық Тарихы бар десек, артық айтқандық емес. Алғаш өз оқырмандарына «Ұшқын» деген атпен 1919 жылы 17 желтоқсанда ұсынылды. Онда қазақ зиялыларының мақалалары жарияланып, газет редакциясында біртуар азаматтарымыз қызмет етті. Газет өз тарихында «Ұшқын», «Еңбек туы», «Еңбекшіл қазақ», «Социалды Қазақстан» болып өзгерді. Егемендік алған соң атауы «Егеменді Қазақстан» болып өзгерді.

«Қазақ әдебиеті» газетіне - 90 жыл

«Қазақ әдебиеті» газетінің бірінші саны 1934 жылдың 10 қаңтарында жарық көрген. Маңдайшасына «Қазақ әдебиеті» ұлт мәдениетін көтеруде үлкен орын алсын!» деп жазылған басылым алғашқы жылдары Қазақстан жазушылар одағының органы ретінде жарық көріп тұрды. Газеттің тұңғыш редакторы – Ғабит Мүсірепов, жауапты хатшысы – Мұхамеджан Қаратаев. Редколлегияға Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ілияс Қабылов, Әйтеке Мусин, Ғабит Мүсірепов және Мұхамеджан Қаратаев мүше болды. Алайда 1940 жылы газет шықпай қалды.

2024 жылдан бастап Қазақстанда бірқатар өзгерістер болады

Кәсіпкерлер салық декларациясын тапсырып, қазақстандықтардың мобильді аударымдары тексеріледі. Сондай-ақ зейнетақы қорында жаңа жәрна пайда болып, кеншілер 200 мың теңгеге дейін әлжуметтік төлем алады. Одан бөлек жәрдемақы мен зейнетақы мөлшері өседі. Декларацияның III кезеңі басталады. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірыңғай жиынтық төлемді қолдану мерзімі аяқталады. Сондай-ақ жсалтыға бірдей декларациялаудың III кезеңі енгізіледі. Оның шеңберінде активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны заңды тұлғалардың басымылары, құрылтайшылар және дара кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары ұсынуға міндетті.

Жұмыс беруші міндетті зейнетақы жарналарын төлейді

2024 жылдан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізіледі. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын өз қаражаты есебінен 2024-2028 жыл аралығында 1,5%-дан 5%-ға дейін кезең-кезеңімен жұмыскерлерінің пайдасына аудару басталады. Осылайша, зейнеткерлікке шыққан кезде бұл жұмыскерлер қосымша жинақтаушы зейнетақы төлемімен қамтамасыз етіледі.

«9-20-25» іске қосылады

2024 жылдан бастап Қазақстанда «9-20-25» жаңа ипотекалық бағдарламасы іске қосылады. Жыл сайын 8 мың қазақстандық бұл бағдарламамен баспанаға ие бола алады. Сыйақы мөлшерлемесі – 9%, бастапқы жәрна – 20% және несие мерзімі 25 жылға дейін. Осы шарттар бойынша келесі жылдан бастап тұрғын үйді ипотекаға алуға болады. Іске асыруға 100 млрд теңге бөлінеді.

Кеншілер арнайы төлем алады

Кеншілер 55 жасқа бастап арнайы төлем алатын болды. Президент тиісті Заңға қол қойды. Арнайы төлемді кемінде 7 жыл міндетті зейнетақы жарналарын төлген 55 жастағы азаматтар ала алады. Сонымен қатар зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін жұмысшыларға да беріледі. Қазір елімізде осы санатта 37 мың адам бар. Оларға жаңа жылдан бастап ай сайын 208 мың теңге көлемінде төлем беріледі.

* Мерейтой иесі

«Айналайын» деп жүретін ардақты аға..



Бүгін өзім ерекше құрмет тұтатын ардақты аға, қаламы қарымды әріптес, «Қазақстанның құрметті журналисі» Оралбек ағам туралы қалам тербейтін жөні бөлек. Журналшылар қауымы «Ораға» деп ерекше құрмет тұтатын Оралбек Жүніс ағаға деген менің де өзіндік бір қалам тербейтін уақытымның сәті, орайы келді-ау деймін. «Біссміллә сөз басы» демекші, Ораға келген мерейлі 70 жасыңыз құтты, қайырлы болсын. Оралбек Жүнісұлы мен қызмет жасайтын қарашаңырақтың түлегі. Қарашаңырағымыз, аудан айнасы «Ақтоғай ажары» газетінің

редакциясы. Еңбек жолына көз жүгіртер болсақ, сонау 1974 жылы «Арқа еңбеккері» газетінде тілші болып бастап қарымды, үшкіл қаламының арқасында республикалық «Ауыл» газетінің, Қарағанды, Жезқазған облыстарының меншікті тілшісі, Приозерный аудандық «Ленин жолы» газетінің бөлім меңгерушісі, Балқаш қалалық «Балқаш өңірі», «Сырлас» газеттерінің бас редакторы қызметтерінің жілігін шағып, майын ішкен журналист. Орталық Қазақстан газетінде де Оркеннің өзіндік қолтаңбасы бар. Оркен журналистиканың биігіне үлкен жетістіктермен, бірнеше кітаптар жазып шыққан. Көзі қарақты оқырман Оралбек Жүнісұлының «Сағынатын күн туар», «Бұғылы мен тағылының текті ұлы», «Қыстың ұзақ таны», «Мені есіңе ала жүр» атты т.б кітаптарымен кеңінен таныс. Оркен нағыз лирик жазушы. Сөйлеген сөзі, үлкенге ағалап, кішіге құлынымдап, адам жатырмамай «әр қазақ менің жалғызым» деп бауырымдап тұратын адам. Сондай-ақ, «айналайын» деп ешкімді бөле жармай, ренжіскендерді татуластырып жүретін биязы мінез кейіпкерімнің бойынан ғана табылатын ерекше қасиет. Әншілігі, серілігі өз алдына бір төбе.

Қонырау шалып тұрады. Нағыз жанашыр аға, қарымды қаламдас. Қызметіміздің барысын, газетіміздің жазылуын, оқырманға дұрыс жетуін қалтықсыз бақылап отырады. Өзі де естелік, тарихи мақалаларды түйдек-түйдек жазып, поштамызды толтырып қояды. «Қажетіңе жаратарсың, аудан айнасында тарихи мақалалар жиі жарық көруі керек», – деп газеттің бағдарын бақылап жүретіні тағы бар. Мен Оркенмен бір мекемеде отырып қызмет жасамадым, бірақ әрқазір рухани қолдаушымы болып жүреді. «Арқалағаны алтын, жегені жантәк» журналистер қауымының жұмысы от пен судың ортасында жүреді ғой. Мақала жазу үшін әр түрлі мамандықтың егесі болып шыға келесің. Қателессең бітті. Әрине, мінез болғанымен, сабыр керек. «Газет халықтың көзі, құлағы, тілі» екенін жадынан әсте шығармау керек. Тығырыққа тірелетін уақыттар болады. Сондай қиын сәттерде Оркен қонырау шаламын. Аға, ақылдасу керек, – деймін ғой. Сол сәттерде «Айналайын» деп алып, ақылын айтады. Шамшырақтай бағдар сілтейді. «Шамаң жетсе ешкімнің көнілін қалдырма, уақыт өте келе барлығы орнына түседі. Бірақ, журналисте мінез болуы керек», – деп қатты айтатын. Мен аудандық газетке келгеніме ширек ғасырдың

жүзі болды. Газеттің 70,75, 80, 85 жылдық мерейтойларында үнемі ақылдасып, «газетте қызмет жасаған аға-апаларымыздың сен еңбегін елеуің керек, мәртебесін көтеріп мүмкіндігінше марапатқа ұсынып жүр. Үлкендердің жасаған жұмыстары жайлы сұрасан, сайрап беремін ғой», – деп жылы жымынып қойып, басшылық соның бәріне қырағы болуы керектігін санама құйып отырады. Оркеннің жан жары Асыл апайым екеуі де осы газетте қызмет жасаған майталман журналистер. Газеттің 80 жылдық мерейтойын демеушілердің көмегімен үлкен дәрежеде атап өттік. Сол кездерде де Асыл апай екеуі ұят болмасын деп, «түздығы күшті» бес шапанды қолдарына ұстай келіпті. «Той болған соң, ұятты адамдар, тойдан тобықтай орамал алғысы келетіндер болады. Ұялып қалма, көмегіміз болсын», – дейді. Ақылшы, қолдаушы ағалардың барлығына қалай ғана сүйсінбейсің. Иә, Оркен жайлы талай естелік жазуға болады. Бірақ, мерейтой аясында жазылған естеліктің түздығын кетірмей тоқтайын. Құрметті Оралбек Жүнісұлы мерейлі 70 жасыңыз құтты қайырлы болсын, мықты денсаулық, отбасылық бақыт, шығармашылық табыстар тілдедім. **Гүлнар Метайқызы, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі.**

* Құқық заңнамасы

2023 жылдың 3 наурызынан бастап Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы Заңына сәйкес кредиторлар алдындағы несиелік міндеттемелерді тоқтату үшін жеке тұлғалардың банкроттығына өтініш беріліп жатыр.

болмауы; арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша мұндай арыз берілген күнге қатарынан он екі ай бойы өтеудің болмауы; борышкерге қатысты "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" және "Микроқаржылық

азаматтың мерзімі өткен берешекті реттеу бойынша шаралар қабылдауы маңызды. Кейбір жағдайларда 5907200 теңгенден аз міндеттемелері бар борышкерлер сот банкроттығына өтініш бере алады, ол үшін азаматта мүліктің болуы немесе несие берушіні жеке тұлға ретінде тіркелуі шарт.

Азаматтардың банкроттығы

Банкрот деп тану үшін не істеу керек? Енді борышкерлер сот немесе соттан тыс банкроттыққа өтініш бере алады. Бұрын бұны тек заңды тұлғалар ғана жасай алатын. Ең басты айта кететін жайт – егер азамат банкрот деп танылатын болса ол алдағы бес жыл бойы жаңадан ақшалай не болмаса мүліктік міндеттемелерді қабылдай алмайды, яғни оған заңмен шектеу қойылған. Сонымен қатар, азамат банкрот деп жариялаған соң уәкілетті орган оған қатысты үш жылдың ішінде мониторинг жүргізеді, яғни тұрмыстық, қаржылық тұрақтылығы тексеріледі. Ал егер азамат сот арқылы банкрот болып танылса, онда оған Заңмен көзделген өзге де шектеумен қатар алты ай бойы Қазақстан Республикасы аумағынан шығуға тыйым салынады. Банкроттықтың шарттары Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы Заңының 5 және 6-баптарында көрсетілген. Соттан тыс банкроттыққа арыз беру үшін азаматта Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және арыз берілген күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен асатын міндеттемелердің болуы (2024 жылға ол 5907200 теңгені құрайды) негіз болып табылады. Сондай-ақ, ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің

қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заң-дарына сәйкес банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуі шарттарына сәйкес келуі уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады. Берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алуды жүргізу жөніндегі шараларды мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап он сегіз айдан аспайтын мерзімдерде жүргізу қажет. Арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің қолданылмауы шарттарына сәйкес келуі уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады. Егер борышкер арыз берілген күннің алдындағы алты ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылса, ол арыз беруге құқылы болады. Егер міндеттемелерді орындамау мерзімі арыз берілген күнге бес жылдан асса, осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан (мүліктің болмауы), борышкер арыз беруге құқылы болады. Сот арқылы банкроттыққа өтініш беру үшін борышкердің міндет-темелері 5907200 теңгеден асуы қажет. Қарыз бір жыл ішінде төленбеуі керек, соттан тыс немесе сот банкроттығы процедурасы жеті жыл ішінде азаматқа қолданылмауы керек. Сондай-ақ

Сонымен қатар, сотта тұрақты табыс болған жағдайда қарыздарды төлеуге бес жылға дейін бөліп төлеуге болады. Бұл жағдайда төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекиді. Осыдан кейін адам банкрот мәртебесін алмайды. Сот банкроттық рәсімін бастау немесе төлем қабілеттілігін қалпына келтіру үшін тұрғылықты жері бойынша сотқа өтініш беру қажет. Онда кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігін негіздеу қажет. Өтінішке соңғы үш жылдағы барлық кредиторлар мен дебиторлардың, азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де міндеттемелердің тізбесі, өтініш бергенге дейін алты айдан кешіктірмей жасалған оны бағалау туралы есепті (ол болған кезде) қоса бере отырып, борышкер мүлкінің тізімдемесі, сондай-ақ азаматтың өтініш бергенге дейін шаралар қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі. мерзімі өткен берешекті реттеу. Ескеретін жайттың бірі - алимент, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша залалды өтеу жөніндегі борыштар есептен шығаруға жатпайды. **С.Жумашкина, Ақтоғай аудандық сотының судьясы.**

Жалпыға бірдей декларация

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда кезең-кезеңімен жалпыға бірдей декларациялау енгізілді. Жалпыға бірдей декларациялаудың негізгі міндеті әділ салық салуды қамтамасыз ету және әлеуметтік саясатты жетілдіру. Сондай-ақ, жеке тұлғалардың кірістерін бақылаудың тиімді тетігін құру, сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономика деңгейін төмендету.

Удан тұрғындарына жалпыға бірдей декларация туралы мол мағлұмат беру мақсатында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Дархан Дүйсетәевқа жолығып әңгіме өрбіткен едік.

Думан Қабыл: – 2024 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны кім тапсыруы керек. Онда қандай мәліметтерді көрсету қажет?

Дархан Дүйсетәев: – 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап декларацияны заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары), дара кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсыруға тиіс. Бұл талап әрекетсіз және қызметін тоқтатқан тұлғаларға да қолданылады.

Азаматтық кодекстің нормаларына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайтындықтан, 2024 жылы филиалдар мен өкілдіктердің басшыларында декларацияны ұсыну бойынша міндеттеме туындамайды (АК 43-бабының 3-тармағы). Сондай-ақ, 2024 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны жеке практикамен айналысатын адамдар ұсынбайды.

Жалпыға бірдей декларациялау жүйесі барлық азаматтардың активтері мен міндеттемелері туралы декларация беруінен тұрады. Онда жеке тұлғаның шетелдегі жылжымайтын мүлік және көлігі, шетелдік банктегі 3,5 млн теңгеден жоғары (1 000 АЕК) ақша, шетелдік компаниядағы қатысу үлесі мен бағалы қағаздар, цифрлық активтер (биткоиндер және т. б.) көрсетіледі. Сонымен қатар үлестік қатысу шарты (тұрғын ғимараттағы үлесі), инвестициялық алтын (құйма алтын), зияткерлік меншік және авторлық құқық объектілері, 34,5 млн. теңге (10 000 АЕК) шегінде қолма-қол ақша, басқа тұлғалармен нотариалды куәландырылған қарыз шарттары. Құны 3,5 млн. теңгеден асатын басқа да мүлік (қалауы бойынша) (мәдени құндылықтар, зергерлік бұйымдар, асыл тұқымды жануарлар және т. б.) – бағалауды 31.12.2023 жылғы жағдай бойынша декларацияны тапсыру мерзіміне дейін (2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей) жасау қажет.

Кейін жыл сайын кірістер мен мүлік туралы декларация (270.00-нысан) ұсынылады, онда күнтізбелік жыл ішінде алынған кірістер, Қазақстанда және шетелде мүлікті сатып алу не иеліктен шығару туралы мәліметтер, сондай-ақ оларды немденуге жұмсалған шығыстарды жабудың көздері көрсетіледі. Кірістер мен мүлік туралы декларацияда кірістер, салық шегерімдері, өтесіз алынған мүлік, мүлікті сатып алу/иеліктен шығару көрсетіледі. Сонымен қоса қымбат мүлікті сатып алу көздері, бағалы қағаздар, цифрлық активтер (биткоиндер және т.б.), үлестік қатысу шарты, инвестициялық алтын (құйма алтын), жеке тұлғалардың нотариалды куәландырылған қарыз шарттары, шетелдік компаниядағы қатысу үлесі, шетелдегі жылжымайтын мүлік және көлік, шетелдік банктегі 7,3 мың АҚШ долларынан (1 000 АЕК) асатын ақша көрсетіліп отырылады.

Д.К. – Декларацияны ұсыну тәсілдері мен мерзімі. Декларацияны тапсыруға қалай дайындалуға болады?

Д.Д. – Декларацияны 2024 жылғы 15 қыркүйекке дейін тұрғылықты жері бойынша тапсыру қажет. Декларацияны «Салық төлеуші кабинеті», «Электрондық үкімет» веб-порталдары, «e-salyqAzamat», Haluk, Bank CenterCredit мобильді қосымшалары арқылы ұсынуға болады. Сондай-ақ азаматтар декларацияны қағаз нұсқада пошта арқылы немесе өздері барып ұсынуға құқылы.

Шетелдегі және Қазақстандағы активтерді барынша дұрыс декларациялау қажет. Кейіннен активтер құны салық салынатын кірісті айқындау кезінде ескерілетін болады.

Сондықтан декларацияны толтыру алдында тиісті растайтын құжаттарды дайындау, 31.12.2023 жылғы астам ақшалай қаражатты (34,5 млн теңгеден астам) банктік шоттарда салу, бастапқы декларация берілген күнге дейін 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштар мен талаптарды нотариалды куәландыру, декларация берілген сәтке дейін 2023

жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлігінің құны 3,5 млн теңгеден асатын мүлікті бағалау және Қазақстанда активтер мен міндеттемелердің бар-жоғын тексеру қажет. Бағалы қағаздар бойынша: <https://portal.kacd.kz>, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша <https://homeportal.kz>, <https://www.gov.kz/services/3910?lang=ru>, зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері бойынша <https://gosreestr.kazpatent.kz>, сенімгерлік басқаруға берілген мүлік бойынша https://egov.kz/cms/ru/services/pass077_mu сайттарда тексеруге болады.

Дебиторлық/кредиторлық берешектің (қарыз шартының) болуы бойынша сұрау салуды Doculite жүйесі арқылы Республикалық нотариаттық палатаға жолдау қажет.

Д.К. – Жануарлар мен құстарды декларациялау.

Д.Д. – Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда азаматтар құны бірлігіне 3,5 млн.теңгеден (1000 АЕК) асатын асыл тұқымды жануарлар мен құстарды өз қалауы бойынша декларациялай алады. Мысалы, асыл тұқымды жылқы, экзотикалық жануар немесе құс.

Өз қажеттіліктерінде өсіретін немесе пайдаланатын жануарлар мен құстарды декларациялаудың қажеті жоқ. Ауыл шаруашылығы және үй жануарлары бойынша мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдары уәкілетті органдардан алады.

Д.К. – Салық органдары шетелдік көздерден түсетін кірістер туралы қалай біледі?

Д.Д. – Қаржы министрлігі 2021 жылдан бастап шетелдік банктен шоттарға түскен қазақстандық азаматтардың кірістері туралы мәліметтер алады. Бұл мәліметтер Салық істері жөніндегі өзара әкімшілік көмек туралы конвенция шеңберінде (Страсбург, 1988 жылғы 25 қаңтар) қаржы шоттары туралы ақпаратты автоматты түрде алмасу туралы құзыретті органдардың көпжақты келісіміне (бұдан әрі – CRS) сәйкес келіп түседі.

Жыл сайын 80 елден ақпарат келіп түседі, негізгі елдер - БАӘ, Ұлыбритания, Түркия, Франция және басқалар. Келіп түскен мәліметтер жеке табыс салығы бойынша салық міндеттемелерін айқындау мақсатында ғана салықтық әкімшілендіру үшін пайдаланылады.

Д.К. – Декларация тапсыру барысында жіберілген қателер түзетіме? Жеке тұлғалардың кірістеріне салықтық бақылау қалай жүргізіледі?

Д.Д. – Азаматтар кез келген қате немесе анық емес көрсетілген мәліметтерді Салық кодексінде көзделген талап қою мерзімі шегінде қосымша декларация беру арқылы дербес жоюға құқылы.

Бастапқыда автоматты камералдық бақылау – жеке тұлғалардың шығыстарына мониторинг келесідей жүргізіледі:

декларацияның болуы/болмауы тексеріледі; декларацияда кірістер мен мүлікті көрсетпеу және кірістерді төмендету фактісі анықталады.

Одан кейін камералдық бақылау қорытындылары бойынша бұзушылықтарды жоймаған азаматтарға қатысты салықтық тексеру жүргізіледі.

Д.К. – Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және деректердің таралып кетуіне жол бермеу үшін қандай кепілдіктер бар? Жеке тұлғалардың әкімшілік жауапкершілігі.

Д.Д. – Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелері интернетке шықпай-ақ жабық контурда жұмыс істейді. Бұл салық төлеушілерден алынған барлық мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік техникалық қызмет тоқсан сайын мемлекеттік кірістер комитеті жүйелерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізеді.

Сонымен қатар, декларацияларға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті қоса алғанда, дербес жауап беретін қызметкерлердің шектеулі тобы қол жеткізе алады.

Декларацияны бірінші рет ұсынбағаны үшін ескерту, бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін – 51 750 теңге (15 АЕК) мөлшерінде айыппұл қарастырылған.

Декларацияда толық емес, анық емес мәліметтерді бірінші рет ұсынғаны үшін – ескерту, бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін – 10 350 теңге (3 АЕК) мөлшерінде айыппұл (ӨҚБТК 272-бабы) қарастырылған.

Салық салу объектілерін жасырғаны үшін жыл ішінде алғаш рет – төленбеген салықтар сомасынан 200% айыппұл, қайталап бұзғаны үшін - 300% мөлшерінде айыппұл (ӨҚБТК 275-бабы) қарастырылған.

Д.К. – Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Думан ҚАБЫЛ.

Еске алу



Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылының тумасы **Аман Төкейұлының** өмірден озғанына 1 жыл толды. Отбасының алтын дінгегі, ардақты әке бола білген абзал жан еді. Ізгілік пен игілік үшін жасаған әрбір істерінде қалдырған өнегелі қолтаңбалары, балалар мен немерелері үшін аянбай жасаған еңбегі жадымызда мәңгілік жарқырап тұратын естелік болары хақ.

Ақпейіл жан едің ақ жүрек, Ауыл-аймақ, туған-туыс сыйлайтын. Қол жаяды дұға тілеп артыңнан, Еске аламыз құлазып көңіл жүрек сыздап.

Еске алушылар: жұбайы – Несібелді, балалары, немерелері, жандері.

Өмірден өткеніне 1 жыл толуына орай берілетін асқа туған-туыс, құда-жекжат, құрбы-құрдас, көрші-көлемді шақырамыз. 2024 жылдың 20 қаңтарында сағат 13.00-де «АйФар» мейрамханасында беріледі.

Еске алу



Ақтоғай ауданы Жидебай ауылының тұрғыны Әлтеке – Әтембек Асылбеков Оңғарбектің жұбайы руы Байдәулет **Ж а қ ы п ж а н қ ы з ы Бибисара** анамыздың өмірден өткеніне 1 жыл толып отыр. Анамыздың жарқын бейнесі мен айтқан ақылдары әркез санамызда. Шаңырағымыздың ұйытқысы болған анамыздың жаны жәннатта болсын деп артында қалған ұрпақтары дұға қылады. Жан анамызды сағынып, әрдайым еске аламыз.

Бір жыл болды өмірің тоқтағалы, Аяулы анамызды жоқтағалы. Асыл бейнең, жанарың, асыл сөзің, Ұл – қызыңның жүрегінде сақталады. Қабірің жан ана, нұрға толсын Жатқан жерің мамықтай жайлы болсын. Иmanın әрқашан да жолдас болып, Біздерді аруағың қолдап жүрсін.

Еске алушылар: балалары, немере-жиен, шөберелері.

Марқұмның 1 жылдық асына арналып, дұға бағышталатын астың 2024 жылдың 21 қаңтар күні сағат 13.00-де «Ақсоран» мешітінде берілетінін ағайын-туыс, нағашы-жиен, құда-жекжат, дос-жаран, көрші-қолаң және анамыздың көзін көрген барша жамағатқа хабарлаймыз.

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!
<https://aqtogaiajary.kz/>



Жаңалықтан құр қалмаңыз!

Құттықтаймыз!

Құттықтаймыз!

Құрметті бауырымыз
**Қақабаева Ләззат
Елегенқызы!**



Адам өмірінің бел белестерінің бірі зейнет жасына келіп, жасаған еңбектің нәтижесімен қызығын көретін қуанышыңыз құтты болсын. Ұзақ жыл бөбекжайда ұжымдағы әріптестеріңізбен бірлесіп бүлдіршіндердің жүрегінен жол тауып, тұлға болып қалыптасуда еңбек жасадыңыздар. Бүгінде отбасындағы балалар ер жетіп, әрқайсы өз алдына шаңырақ көтеріп, солардан немерелер сүйіп, сүйікті әже, отбасының ұйытқысы, алтын қазығысыз. Өмірлік жарыңыз Иса екеуіңіз немеренің қызығын қызықтап, бастарыңыз бір жастықта картаюды нәсіп етсін. Ағайын-туыс, құда-құдағилардың ортасында мәртебеніз артып, шаңырақ шаттыққа толып, қуанышты, қызықты күндер көп болсын. Зейнеткерлік жас отбасына құт-береке әкелсін. Зор денсаулық, ұзақ өмір, баянды ғұмыр тілей отырып, немереден шөбере сүю бақыты бұйырсын деп тілейміз.

Тілек білдірушілер: Қақабаевтар отбасы.

Құрметті Камел
Абжанқызы!



Сізді зейнеткерлік жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Осы қуанышты күні Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған – туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

Бүгінгі күн - бөлектеу күн, маңызды, Маңыздысы - бүгін туған жан ізгі!
Алпыс мәрте Күнді айналған жұмыр Жер,
Сізге бақыт тілеп тұрған тәрзіді.
Ренжітпей үлкенді де, кішіні –
Жүрегімен түсінетін кісіні.
Мынау өмір жұмақ болып кетер ед,
Сіздей болса бар адамның пішіні.
Ізгі тілекпен ағаңыз Байзақ және бауырларыңыз



Құрметті әріптестеріміз
**Дарияш Сағатқызы, Төлжү Шапібайқызы,
Әлия Ыбырахымқызы!**

Еңбектеріңіз еленіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күндеріңіз құтты болсын. Еткен еңбектеріңіз бен төккен терлеріңіз аз емес. Сіздер үлкен жетістіктерге жетіп, әріптестердің ортасында өздеріңіздің өнегелі істеріңізбен, адами-рухани қасиеттеріңізбен жастарға үлгі бола білдіңіздер. Ауданымыздың медицина саласының өсіп-өркендеуіне бір кісідей атсалысып, көп жылдар бойы осы салада аянбай еңбек еттіңіздер. Дертіңе

Ақтоғай ауылының
тұрғыны **Аубакиров Сайлау
Бөрігүлұлы!**



Сізді зейнеткерлік жасқа толған мерейлі қуанышыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Осынау келген зейнеткерлік жасыңыз, талай жылғы атқарған елеулі еңбектің жемісін көретін шағыңызда мол қажыр-қайрат, бақытты да баянды ғұмыр, зор денсаулық тілейміз.

Алланың берген жасын жасай беріңіз, өмірдегі көрер қызықтарыңыз тек зейнетті болсын дейміз. Әуақытта аржарқын мінез, адал көңіліңізбен туған-туыс, дос-жарандарыңыздың арасында абырой-құрметке бөленіп, мерейіңіз үстем болсын.

Құтты болсын зейнетке келген жасыңыз, Әрқашанда аман болсын басыңыз. Біз сізбен марқаймыз, мақтанамыз, Алдымызда ағам бар деп шаттанып. Еңбекпен есейген жан еді деп, Сыйлайды дәйім жұрт әрқашанда. Ден сау болып жүре берші ортамызда, Адал дос, абзал әке, қамқор аға!

Игі ниетпен: әкесі-Бөрігүл, Манарбек-Раушан, Серік-Бибігүл, Серік-Зәйдагүл, Ерлан-Зәмзәгүл, Жазибек-Әлмира, Данияр-Жанар осыған бауырлары мен жиендері де қосылады.



Құрметті **Аубакиров Сайлау Бөрігүлұлы!**

Ардақты жас – 63-ке толып, еңбегіңіз еленіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын. Еткен еңбектің еленгені кімге де болса қуаныш, көңілге үлкен медет. Еңбек демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, отбасы –

Отанда, балаларыңыздың ортасында балқыған бақытқа толсын. Өмір жолыңыз ұзақ болып, көрген бейнетіңіздің зейнеті 100 есе болып, денсаулық, бақыт, байлық алып келсін. Қорлан екеуіңізге жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ғұмыр тілейміз.

Зейнет жасқа келіп қапсыз зымырап,
Бірақ, қимыл әлі жастай шымыр-ақ.
Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі,
Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.
Ақ тілекпен: Әуелбек, Қазбек, Талғат, Мирхаят, Маралбай, Қуаныштың отбастары.

Құрметті **Жақыпбеков Самат Сүлейменұлы!**



Сізді 70 жасқа толған мерейжасыңызбен құттықтаймыз.

Денсаулығыңыз мықты болып, сол денсаулықтың арқасында бала-шаға, отбасыңыздың қуаныш-қызығын көре беріңіз. Құш-қайратыңыз кемімей,

Алланың берген жасын жасап, ел-жұртыңызбен, ағайын-туғанның ортасында бақытты ғұмыр кешіңіз. Шаңырағыңыз шат-шадыман думанға толсын. Бейбіт заман, ашық аспан астында мерейлі күндеріңізді қарсы алып, жүзіңіз қуаныштан жарқырасын.

Бақыттың бесігінде тербеліп,
Шаттыққа әр күн сайын кенеліп.
Жүріңіз қашанда алшаң басып,
Ортамызда жақсылыққа бөленіп.

Ақ тілекпен: Құрал-Несіпбала, Бәтима, Марат-Шәйза, Қуаныш-Құндыз, Дәния, Өрік-Қарлығаш, Қанат-Дина.



Ақтоғай ауылының тұрғыны, отбасының ұйытқысы, шаңырағымыздың шамшырағы аяулы анамыз **Қақабаева Ләззат Елегенқызын** зейнеткерлік жасқа келген туған күнімен құттықтаймыз.

Аяулы Ана! Мына өмір сіз арқылы қызықты, мағынасы қымбат. Сіздің ақыл-парасатыңыз, ойталғамыңыз бізге қашанда өнеге. Мейірім мен махаббаттан жаралған кең жүрегіңізден, қызуы тұла бойымызды жылытқан ыстық алақаныңыздан, айналайын деп майдайымыздан еміреже сүйіп, еркелеткен үніңізден артық біз үшін еш нәрсе жоқ. Әрқашан Алланың назарында, бақыттың базарында мықты денсаулықпен арамдыда жүре беріңіз. Сізге қажымас қайрат, зор денсаулық тілей отырып, айналасыңызға шуағыңызды шашып ұзақ өмір сүріңіз демекпіз.

Құтты болсын бүгінгі мерекеніз,
Сіз бар кезде асқармен теңесеміз.
Алшаң басып жүре бер арамдыда,
Тарқамасын әрдайым берекеңіз.

Ақ пейілмен: балалары-Дәурен-Ақмарал, Дархан-Әсел, Айғаным, немерелері – Фариза-Әлімхан, Айсара, Ханали, осы тілекке әкеміз Иса да қосылады.

Құрметті **Айсұлу Сейтжаппарқызы!**



Сізді мерейлі жас 60-қа толған туған күніңізбен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, бала-шаға, немерелеріңіздің қызығына кенеле беріңіз дегіміз келеді. Әр күніңіз шуақты болып, ырыс-нәсібеңіз молайып, абырой-беделіңіз арта

берсін.

Әркез жүзінен имандылық пен ибалық, мейірімділік пен сыпайылық сезіліп тұратын құрбымызға бар жақсылықты тілейміз. Шаңырағыңызға шаттық орнап, аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, шаттық-қуанышыңыз мол болсын. Жұлдызыңыз жоғары, еңбегіңіз бағалы, мерейіңіз үстем болсын.

Шаңыраққа шаттық пен шуақ болсын,
Алаңсыз, уайымсыз ғұмыр болсын.
Отбасында бақытты өмір сүріп,
Үйлеріңізге бақ дарып, Қыдыр қонсын.

Игі тілекпен: Ардақ, Панар-Мейрам, Нұрғай, Өміржан-Сәулет, Мақпал-Мейрамбек.

дауа іздегенге шипалы қолдарыңызбен, сыпайы да жайдарлы жүздеріңізбен көмектесіп, талай жанның алғысын ала білдіңіздер. Біз сіздерді қадірлі әріптес, еңбегімен ел құрметіне бөленіп жүрген ардагерлер ретінде әрқашан қадір тұтып, тәлімі көп игі істеріңізді үлгі-өнеге етеміз. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай немере-шөберелердің ортасында ардақты әже деген атты иеленіп жүре беріңіздер. Ағайын-туыстың құрметіне, балаларыңыздың жеңісті шақтарын көрген шаттықтың бақытты сәттеріне бөленген әдемі ғұмырды көріңіздер. Ақ адал пейілдеріңізге сай Жаратқан Ием ұзақ ғұмыр берсін.

Асыл тілек айтылады ақ ниетпен,
Бақытты күндер көрінсін көкжиектен.
Қуаныш тойға ұлассын дей отырып,
Құттықтаймыз біз сіздерді шын жүректен!

Ақтоғай аудандық орталық аурухананың ұжымы.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны асқар тау әке, сүйікті жар **Есенбаев Қабдыман Серікбайұлы!**

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Бұл мереке өміріңіздегі ең қуанышты күндердің бірі болсын. Сізді қазіргі заманның сал-серісі десек артық айтқанымыз емес. Аңшылығыңыз бір төбе болса, сырнаймен сызылта салған әндеріңіз тыңдарманын тамсандырады. Сіз кез келген кедергілерден өте алатыңызға көзіміз жетті. Барлық армандарыңыз бен жоспарларыңыз орындалсын. Достарыңыз бен туыстарыңыздың шеңбері кеңейіп, үйден бақыт кетпесін. Әр уақытта қажымай-талмай, өз ортаңыздың қадірлісі, сыйлысы болып, берекелі де мерекелі ұзақ өмір сүруді нәсіп етсін.

Құтты болсын жетпіс жастың белесі,
Токтамасын өмір-көштің кемесі.
Жамбылдайын жүз жасыңды көрейік,
Мерейтойлар тойланумен келесі.

Игі ниетпен: балаңыз – Назымсұлтан, жұбайыңыз – Зайра.

Ақтоғай ауылының тумасы, ардақты бауыр, асыл жар, асқар тау әке, немерелерінің сүйікті атасы **Жақыпбеков Самат Сүлейменұлы** 70 жасқа толған мерейжасымен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге зор денсаулық, мол бақыт, шадыман шаттық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Шаңырағымызда осындай шатшадыман күндер таркамай, ырыс-несібемен артып, баянды өмірдің тек шуақты шапағатына бөлене бергейсіз. Әрқашан сый-құрметтің төрінде болып, ойлаған арман-мақсаттарыңызға жете беруіңізге тілектеспіз. Арайлап атқан таңдарыңыз көп болып, отбасымыздан бақ-береке таймасын.

Өміріңіз ұрпаққа өнеге мың,
Тілейміз қуанышқа бөленгенін
Жүзге жетіп марқайып отырыңыз,
Алақанынан май жалап шөберенің.

Ақ тілекпен: апасы – Рая, жұбайы – Гүл, балалары – Меруерт, Ардақ-Асылан,

Перизат-Данияр, Абылай-Мөлдір, немерелері – Жанар, Әділхан, Айсұлтан, Нұрасыл, Аружан, Асылым



Құрметті Есенбаев Қабдыман Серікбайұлы!

Сізді мерейлі 70 жасқа толған туған күніңізбен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз. Жүзіңіз нұрға толып, қуанып, шаттанып жүре беріңіз, мерекеніз ұзағынан болсын. Біздің қуанышымыз, асқар тауымыз боп жүре беріңіз. Ғұмырлы болыңыз. Төтті немерелердің қызығына тоймай жүруді жазсын.

Құтты болсын 70 жасыңыз,
Сексеннің де сенгірінен асыңыз.
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз.
Балалардың арасында жүріңіз,
Шаттықтармен анық болсын жүзіңіз.
Тілек еттік шын жүректен бәріміз.
Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз.
Ақ тілекпен: құдағиыңыз – Құндыз, балаларыңыз – Саяхат-Айдана, жиендеріңіз – Кәусар, Дарын



Әріптесіміз, жақын құрбымыз **Сүлейменова Айсұлу!**

Сізді келіп жеткен 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Осы бір өзімізге қымбат та сүйкімді жанға мерейлі жасында шын көңілден шыққан ниеттерімізді арнағымыз келеді. Денсаулығыңыз мықты болып, отбасыңыз аман, ғұмырыңыз мәнді де сәнді болсын. Шаңырағыңыздан шаттық үзілмесін.

Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған армандарыңыздың асуларына жете беріңіз.

Өмір жыры таусылмасын мәңгілік.
Тұрсын алдан арайланып, таң күліп.
Бақыт болсын әрқашанда жолығар.
Шаттығыңыз тау суындай молығар.
Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан,
Жалғанда тілек барма одан асқан.
Аман боп жануяң мен бауырларың,
Жалғансын ақ таңдарын нұрын шашқан!

Игі тілекпен: Гүлшара, Дарияш, Бақша, Раушан, Кәмшат.

Құрметті әріптесіміз **Еркебұлан Бейсеков!**

Сізді мерейлі 50-ге толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, шынайы көңілден шыққан ізгі тілегімізді жолдаймыз. Сіз өз ісіңізге берілгендігіңіз бен кәсіби шеберлігіңіз, әділдігіңіз бен адамгершілігіңіз үшін әріптестеріңіз сізді білікті маман ақжүрек азамат ретінде құрмет тұтып сыйлайды. Бүгінгідей мерейлі сәтте сізге еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беруіңізге тілектеспіз. Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын.

Жеміс берсін төккен тер еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Дәулет пен мерейіңіз таси берсін,
Арта берсін абырой-беделіңіз.

Тілек білдірушілер: Ақтоғай аудандық почта бөлімшесі.

Құрметті **Еркебаев Алтай!**

50 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Ердң жасына аяқ басқан азаматқа мол қажыр-қайрат, ұзақ та баянды өмір, бақыт пен шаттық тілейміз. Күн сайын шадыман сезімдерге бөленіп, ортаңызда құрмет пен сыймен еленіп, әрбір атқан танды қуанышпен қарсы ала беріңіз. Қадамыңыз қарымды болып, асқаралы шыңдарға талмай жетіп, асыл арман, ізгі тілектеріңіз орындалсын деп тілейміз.

Ақ айдыңға салып бақыт кемесін,
Жарқын жүзбен шаттаныңыз күліңіз.
Әр мерейтой мерекелі күн болып,
Ортамызда жайнап, дәйім жүріңіз.

Игі тілекпен: достарың – Гүлден, Бақытбек-Әсем, Қобылан-Айнагүл, Маулен-Кәмилә, Нұрлан-Света.



Құрметті **Жақыпбеков Самат Сүлейменұлы!**

Сізді 70-ке толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Жүзіңізден шуақ кетпей, ортамызда ойнап-күліп, шаттыққа келіп, бақытқа бөленіп, ұзақ жасай беріңіз. Болат қандай берік болса, сіздің денсаулығыңыз да дәл сондай мықты болсын. Алланың арайлап атқан әр таны шаңырағыңызға нұрлы шуағын шашып, балаларыңыз бен немерелеріңіздің әр қуанышын отанасы Гүлмен бірге көріп, қызықтауды нәсіп етсін. Өмірдің сарқылмайтын бар жақсылығын тілейміз.

Шуылдассын айналып немерең мен шөберең,
Шаңырағың – шаттықты кеңейсін тағы керегең.
Көретін әлі қызық көп, 100-ден асын ғұмырың,
Ортамызда отыршы батаны беріп демегең.

Игі тілекпен: құдағиыңыз – Фани, күйеу бала-қарындасыңыз – Болат-Бақшагүл.



Құрметті **Есенбаев Қабдыман Серікбайұлы!**

Сізді 70 жасқа келген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Осынау мерей-жасқа басқан қадамыңыз құтты да берекелі болсын. Сізге зор денсаулық, мол қажыр, өмір бойы таусылмас бақ-береке тілейміз. Жануяңыз қашанда аман болып, осындай той-думан еш үзілмей, абырой мен мәртебеге бөлене беріңіз. Әлі де биік асуларға қадам басып, осындай қадірлі қалпыңызда өрлей беруіңізді тілейміз.

70 жас – мерейлі жасың құтты болсын,
Денсаулығың әрқашан мықты болсын.
Немере-шөбере арқасында,
Мерейің үстем болып, жасың 100-ге келсін.

Ақ тілекпен: Іңкәрбек, Жанғазы, Бекет, Санабек, Мейрам, Нұрланның отбастары.


Құрметті **Самат Сүлейменұлы!**

Сізді келіп жеткен 70 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Әрдайым тыңғылықты қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында

қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріп, балаларыңыздың қызығына бөлене беріңіз.

Құтты болсын келген туған күніңіз,
Тілекші көп, бізде соның біріміз.
Ортамызда жанашыр боп жүресіз,
Болғаннан соң бірге шыққан түбіміз.
Үзілмесін өміріңнің жыр – өні,
Бақытыңның өрге тартып бұлағы.
Еңбегіңнің тек зейнетін көре бер,
Келер күннің сәулелі боп шуағы.

Ізгі тілекпен: ағаңыз – Байзақ және бауырларыңыз.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

